

«Қазхром ТҰК» АҚ «Хромтау ауданында жел электр станциясын салу және пайдалану»(коммерциялық аймақ, өндірістік объектілердің жерлері) белгіленіп отырған қызмет туралы ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттаманың жасалған күні: 11.10.2021ж

Хаттама жасалған орын: ҚР ЭГТРМ ЭРБК

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: 08.09.2021ж

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі, көзделіп отырған қызмет жобасының атауы: 08.09.2021-07.10.2021жж

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Атауы	Ұсыныстар немесе ескертулер	Ұсыныстар мен ескертулердің ескерілгені немесе ескерілмегені туралы мәлімет
	Қоғамдық		
	-	-	-
	Мемлекеттік мекеме		
1	«Ақтөбе облысының Әкімінің Аппараты»	Ұсынылмаған	-
2	« Ақтөбе облысы Хромтау ауданы әкімінің аппараты»	Ұсынылмаған	-
3	«Ақтөбе облысы бойынша аумақтық жер инспекциясы»	Ұсынылмаған	
4	"Ақтөбе өңірлік геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясы"	Ұсынылмаған	-
5	«Ақтөбе облыстық аумақтық балық шаруашылығы инспекциясы»	ҚОӘБ ұсынуды сұрайды	Қабылданбайды. Скрининг нәтижелері бойынша қоршаған ортаға әсерді міндетті бағалауды жүргізудің қажеттілігі немесе болмауы туралы қорытынды жасалады
6	«Ақтөбе облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау жөніндегі басқармасы»	Көзделіп отырған қызмет туралы өтінішті қарап, ескертулер мен ұсыныстар жоқ екенін хабарлайды.	-
7	«Су ресурстарын	Құзіретіне кірмейді.	-

	пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы»		
8	Ақтөбе облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	- Мемлекеттік орман қоры жерлеріне кірмеуі тиіс; - Жұмыс бастар алдында құрылыс алаңының нақты орналасқан жерін «Пулков» и UTM координаттық жүйесі бойынша нақтылау қажет; - Аталған аумақта ұлпа жүнді жабайы жануарлар кездеседі (түлкі, қарсақ, күзен, қоян жануарлары және кеміргіштер). Антропогендік әсерді азайту болдырмау мақсатында автокөлік жолдарын далалық жерлерде мейлінше азайту және құрылыс жүргізілетін аумақта жабайы жануарлардың уланып қалу қаупін болдырмау үшін өндірістік, химиялық және тамақ қалдықтарын арнайы орындарда сақталуын міндеттеу; - Көктемгі және күзгі мезгілде құстардың ұшып өту жолдары (миграция) кезінде мазалау фактілеріне жол бермеу қажет; - Өндірістік жұмыстарын жүргізу барысында, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 шілдесіндегі № 593 «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңының 17 бабы талаптарының орындалуы және сақталуы қажет.	-
9	«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»	Көзделіп отырған қызмет туралы өтінішті қарап, ескертулер мен ұсыныстар жоқ екенін хабарлайды.	-
10	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №237 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік объектілердің санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі бойынша сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу керек; - қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарына зиянды заттар мен физикалық факторлардың рұқсат етілген шығарындылары мен рұқсат етілген шекті шығарылымдары туралы нормативтік құжаттардың жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды; - есептеу (алдын ала) және белгіленген (соңғы) санитариялық қорғау аймақтарын	-

		белгілеу жобалары бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды.	
11	«Ақтөбе облысы бойынша Экология Департаменті»	1.Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығымен бекітілген экологиялық бағалауды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес объектіні салу кезінде және көзделіп отырған қызметті іске асыру кезінде қоршаған ортаға және оның компоненттеріне әсер ету мәселелерін пысықтау қажет. 2. Кодекстің 4-қосымшасына сәйкес іс-шараларды енгізуді қарастыру. 3. Атмосфералық ауаның, су ресурстарының жай-күйіне мониторинг пен бақылауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар беру.	-